


Баламен қалай дұрыс сөйлесеміз?



Ата-аналарға кеңес

Балалар – әр адамның өміріндегі ең қымбат жан.

Біз оларды жақсылап тәрбиелеуге тырысамыз. Бірақ кей-кезде анасы мен әкесі қандай да бір жағдайдың шешімі қалай екендігін білмейтін жағдайлар болады. Бұндай жағдайда ата-аналарға психологтың кеңестері мәселені шешуге көмектесуі мүмкін. Баланы тәрбиелеген кезде неменеге назар аударамыз?

Сіздің балаңыз – өзінің жетістіктері, кемшіліктері, қабілеттері, тілектері және артықшылықтары бар жеке тұлға. Оның мықты жақтары мен оң қасиеттеріне ерекше көңіл аударыңыз. Балаңыз қандай сондай қылып қабылдаңыз.

Басты кеңес – сүйіспеншілік пен сенім.

Ол сіз оны өмірде қандай да жағдай болса қолдайтыныңызды түсіну керек.

Баланы көбірек тізеңізге отырғызып, көзіне қарап құшақтауға және сүйеге тырысыңыз. Мейірім мақтаудың ең жақсы әдісі.

Сол мезетте бассыздыққа да жол бермеңіз.

Бала психологы Ю. Гиппенрейтерден № 1 кеңес

Жазалау алдында бала сол жазалауға сол мезетте лайықты ма екенін ойланыңыз. Өйткені мәселені мейіріммен өтініш арқылы шешуге болады. Егер де жазалау расында себептемелі болса не үшін жазалағаныңызды түсіндірген жөн болады.

Бала психологы Ю. Гиппенрейтерден № 2 кеңес

Баламен сөйлесу маңыздылығын ұмытпаған жөн, жиірек сөйлесуге тырысыңыз. Баланы өзінің сезімдері мен эмоцияларын көрсетуді үйретіңіз. Бұл балаға өзінің мінез-құлығы мен басқа адамдарды түсінуге көмектеседі. Сіздің балаға деген қарым-қатынасыңыз баланың мінез-құлқында ғана емес оның психикалық денсаулығына да әсер етеді. Егер де сіздің балаңыз өзіне деген негативті сезінсе оның жасырын агрессиян тудыруы мүмкін.

Бала психологы Ю. Гиппенрейтерден № 3 кеңес

Сіз баламен қалай сөйлесесіз соған байланысты оның басқалардың уайымына ортақ болуы, оң және теріс эмоцияларды сезінуін түсінгендікте естен шығармаңыз. Баламен сөйлесу кезінде әңгімелесуші адамның сезімі мен эмоциясын түсінуді қажет ететінін есте сақтаңыз.

Ата-аналардың балаларды тәрбиелеудегі ең таралған қателіктер

- Ата-аналардың тәрбиелеу түрлері мен әдістерін жеткілікті көлемде білмеуі
- Жиі ата-аналардың бірыңғай талаптары болмайды, мұндай жағдайда бала өзіне ыңғайлы жақты таңдайды.
- Жиі ата-аналар бала істерінің негативті нұсқауын қояды. «Сен ... Істей алмайсың», «Саған қаншама рет айтуға болады», «Бұл.... түсінікті емеспе» деген сөздерден аулақ болыңыз. Бұндай қарым-қатынас өзін-өзі төмен бағалауына және олқылық кешенін қалыптастырады. Бала өзінің күшіне сенуді қояды.
- Негативті баға берсеңіз де, тәртіпке, іс-әрекетке баға беретініңізді ұмытпаңыз. Ересек адамның қарым-қатынасынан туындаған өзін-өзі төмен бағалау уайымы невроздық синдромның дамуына әкеп соғады.
- Көбінесе кездесетін қателіктердің бірі өзінің баласын шамадан тыс жақсы көруі саладарынан балаға артық қамқоршы болу және дәріптеушілік болып саналады.
- Салғырттық пен бассыздықпен көрінетін либералдық тәрбиелеу стилі.
- Ата-аналар жауапкершіліктен қашып өзінің қамқорқылығын балабақшаға, мектепке , милицияға аударады.
- Баламен әңгімелесудегі жөнсіздік. Балаға қатысты өзіңнің тапқырлығыңды көрсетудің қажеті жоқ.
- Баланың материалдық талаптарына артық құптау.
- Баланың өміріне қызығушылық артпау: оның қызығушылығына, достарына, бос уақытына.
- Баланы мәпелеп тәрбиелеу.
- Баланың көзінше көп ұрысу.

Ата-аналардың балалармен тілдесуін қалай тиімді ету?

Баламен тілдесу кезінде бала сізге айтып отырған жағдайда сіз баланың эмоционалдық жағдайын, көңіл-күйін, сезімін түсініп отырғаныңыз туралы бала түсінетіндей қызығушылық білдіріңіз. Ол үшін баланы мұқият тыңдаңыз, сосын баланың сөздерін қайталаңыз. Осылай сіз балаға өзінің сезімдерін ұғынуға мүмкіндік бересіз, ол сіз оны тыңдағанызды түсінеді. Баламен тілдесу кезінде оның ымы мен мимикасына мұқият қараңыз. Кейде балалар сіздің көңіліңізді қалдырғысы келмегендіктен барлығы жақсы деп айтады. Бірақ олардың өзінің сезімін бейсезімдік әдіспен көрсететін болса (иегі дірілдейді, көзіне жас толы) онда баланың нағыз сезімін білуге болады.

Сіз кез-келген сұраққа жауап беруге дайын емессіз. Бірақ баланың сұрақтарына мысқылды түрмен жауап бермеңіз, өйткені бала сөзіңізден қарағанда сізді жақсы түсінеді.